

Қазақстан Республикасы кейбір заң актілерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2374 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_1-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Алтын қоры және алмас қоры туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 3 сәуірдегі N 2078 Заңы" (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж ., N 8, 165-құжат).

"Тұтыну кооперациясы жүйесінде зергерлік бұйымдарды сатуға рұқсат беру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 9 ақпандағы N 1557 Заң күші бар Жарлығы.

2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті